Тәуелсіздіктің 31 жылдығына арналған: «Дене тәрбиесі және спорт» пән бірлестігі мен тәрбие бөлімінің жоспары негізінде колледжішілік волейболдан жарыс өтті.

Жастардың спортқа қызығушылығы мектеп қабырғасынан басталып, оқу орындарында жалғасын табатыны шындық. Жарысты колледж басшысы сөз сөйлеп, салауатты өмір салтын насихаттауға және спорт түрлерін дамытуға үлкен мән берілетіндігін ерекше атап өтті. Жарысқа барлығы он екі команда қатысып, команданың ойыншылары бар шеберліктерін көрсетті. Волейбол жарысының қорытындысы бойынша қыздар арасында I - орынды 2-курс дизайн-222/б , II- орынды 2-курс мейіргер ісі -222/2 , III -орынды 2-курс мейіргер ісі-222/1 командалары иеленсе, ұлдар арасында I- орынды 2-курс фельдшер -222/2 , II- орынды 2-курс дене тәрбиесі және спорт -211 , III- орынды 2-курс фельдшер -222/1 командалары иеленді. Марапаттау рәсімінде волейбол жарысын ұйымдастырушыларына және қатысқан командаларға Алғыс хаттар табысталса, жеңімпаз командалар дипломдармен, медальдармен марапатталды. Сонымен қатар волейбол жарысындағы үздіктерге «Үздік ойыншы», «Үздік үйлестіруші», «Үздік шабуылшы», «Үздік қорғаушы» номинациялары табысталды.

Салтанатты шара соңында «Дене шынықтыру және спорт» пән бірлестігінің төрағасы Сайтмуратов Дилшат ұйымдастырушыларға алғысын жеткізіп, қатысушыларға жеңіс пен сәттілік тіледі.









Шахмат, шашка, тоғызқұмалақ ойындарынан жарыс.
Салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында «дене тәрбиесі және спорт» пән бірлестігінің оқытушысы Усманов Б.П мен тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен шахмат, шашка, тоғызқұмалақ ойындарынан 1-2- курс білім алушылардың арасында жарыс болып өтті. Жарыстың мақсаты: студенттердің логикалық ойлау қабілеттерін дамыту және бос уақыттарын үнемді пайдалану,спорттық ойын түрлерін дамыту әрі нығайту.
Шахмат,шашка, тоғызқұмалақ жарысына қатысқан білім алушылардың құлшыныстары өте керемет болды. Атап айтар болсақ:
Шахмат ойынының нәтижесі төмендегідей:
🥉Жүлделі III-орынды Иванов Михаил КБҚ-221/б тобы;
🥈Жүлделі II-орынды Османов Руслан ГД-221/б тобы;
🥇Жүлделі I-орынды Абуалиев Санжар КБҚ-221/б тобы иемденді.
Шашка ойынының нәтижесі:
🥉Жүлделі III-орынды Батталиев Дилшат ДІ-221/б тобы;
🥈Жүлделі II-орынды Кенджаев Умиджан ГД-221/б тобы;
🥇Жүлделі I-орынды Умаров Юсуфбек ГД-221/б тобы иемденді.
Шашка ойынының нәтижесі:
🥉Жүлделі III-орынды Эргешова Севинч ГД-221/б тобы;
🥈Жүлделі II-орынды Розиметова Диларам МБ-221/б тобы;
🥇Жүлделі I-орынды Артукметова Азиза ГД-221/б тобы иемденді.
Тоғыз құмалақ ойынының нәтижесі:
🥉Жүлделі III-орынды Темірхан Айсана ГД-221/б тобы;
🥈Жүлделі II-орынды Османов Руслан ГД-221/б тобы;
🥇Жүлделі I-орынды Бекполатова Зарифа МБ-222/1 тобы иемденді.
Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Абзелова Ұлпан Оралбекқызы жарысқа қатысқан студенттерге ризашылығын білдіріп, мадақтамамен марапаттады. Жарысты ұйымдастырушы «дене тәрбиесі және спорт» пән бірлестігінің оқытушыларына алғысымызды білдіреміз.
Спорт- денсаулық кепілі!





Спорт- денсаулық кепілі
Анвар Исмаилов атындағы кәсіптік колледжінің абыройын биікке көтеріп, облыстық, республикалық, халықаралық турнирлердің жеңімпаздары, өздерінің қайсар мінезі мен спортқа деген шын махаббатының арқасында жеңіске жетіп жүрген колледжіміздің мақтаныштары және жатықтырушыларымен «Спорт- деңсаулық кепілі» атты дөңгелек үстел ұйымдастырылды.
«Ұстазы жақсының- ұстамы жақсы» дей келе біздің жеңімпаздарымыздың жаттықтырушылары: ҚР. Еңбек сіңірген жаттықтырушысы, Сайрам ауданының маслихат депутаты, Ақсу спорт клубының басшысы Қуатбеков Қадыр Садықұлы., кикбоксингтен спорт шебері, ұлттық дәрежедегі төреші Хидиров Бегали Мураталиұлы., бокстан спорт шебері, ұлттық дәрежедегі төреші Саурбаев Нұрсултан Сансыбайұлымен сұхбаттсып, өздерінің осы салада жеткен жетістіктерімен бөлісті.
Облыстық, Республикалық, халықаралық турнирлердің жеңімпаздары «дене тәрбиесі және спорт» мамандығының студенттері Турабеков Нұрғиса., Адейханов Ардак., Бижанов Олжас., Артықбай Аян., Сапарбаев Нұрасыл., Сансизбаев Мейрамбек., Эргешова Рашида., Рагимова Рамилямен біз білмейтін қырларымен танысып, спорт өмірінің қиын және қызықты сәттерімен бөлісті. Бұл кездесуде колледж студенттері спортшыларымызға «-сіз әлемдік жарыста қазақ елінің көк туының желбіреп, әнұранының шырқалғанына куә болдыңыз, сол кезде бойыңызда қандай патриоттық сезім оянды?» «-сіз қай кезден бастап спортшы болуды армандадыңыз, бұл сіздің бала күнгі арманыңыз ба?» «-кумиріңіз кім, кімнен ерік-жігер, қолдау аласыз?» деген қызықты сұрақтарын қойып, сұрақтарына жауап алды.
Кездесуімізді «дене тәрбиесі және спорт» пән бірлестігінің төрағасы Сайтмуратов Дилшат Абдиназарұлы қорытындылай келе спортшыларға сәттілік тілеп, жаттықтырушыларына «Алғыс хат» табыстады. Келген қонақтарға басшының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Абзелова Улпан Оралбекқызы колледжіміздің абыройын биікке шығарып жүрген спортшыларға алғыс білдірді.
«Саған қарап таңдай қақсын әлемде, ізің қалсын алтын болып әлемде» деп жеңімпаздарымызға жеңісті күндері көп болсын деп тілейміз!

























Биылғы жылдың 13-мамырында өткен Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының жұмыс жоспарына сәйкес, Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының студенттері арасында баскетбол (қыздар) , волейбол (қыздар) , баскетбол (ұлдар) , үстел теннисінен спартакиадада топ жарған колледжіміздің спортшыларын , үлкен жиын өткізіп, колледж директоры Исмаилова Гульчехра Камаловна құттықтады. Облыстан баскетбол (қыздар) арасында І -орын, үстел теннисінен ІІ-орын, баскетбол (ұлдар) арасында ІІ-орын иеленді. Жеңіске жеткен студенттерге алдағы Республикалық чемпионатта жеңіспен оралуын тіледі. Жарысқа белсене қатысқан барша студенттерге алғыс білдіріп, дене тәрбиесі пән бірлестігінің оқытушыларын жеңістерімен құттықтап, Алғыс хатпен марапаттады.















Түркістан облысы
Адам әлеуетін дамыту басқармасы

# Диплом

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының студенттер арасындағы Ұлттық спорт лигасының облыстық кезеңінде
**ұлдар арасындағы баскетболдан**
**II орын** алғаны үшін

________________________________ **командасы**

**МАРАПАТТАЛАДЫ**

*Басқарма басшысы:* [illegible]

Тіркеу №____

Түркістан - 202[illegible]



Түркістан облысы
Адами әлеуетті дамыту басқармасы

# Диплом

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының студенттер арасындағы Ұлттық спорт лигасының облыстық кезеңінде

**үстел теннисінен**

**II орын** алғаны үшін

______________________ командасы

**МАРАПАТТАЛАДЫ**

Басқарма басшысы:


Түркістан облысы
Адами әлеуетті дамыту басқармасы
Диплом
Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының студенттер арасындағы Ұлттық спорт лигасының облыстық кезеңінде
қыздар арасындағы баскетболдан
I орын алғаны үшін
командасы
МАРАПАТТАЛАДЫ
Басқарма басшысы
Тіркеу №





Қазақстан Республикасының Рәміздеріне 30 жыл

Жастар арасында кіші футбол турнирі

Мамыр айының 22 жұлдызы күні, Сайрам ауданының «Жастар ресурстық орталығы» КММ қолдауымен, Сайрам ауданының «Ерікті жастарының» ұйымдастыруымен «Техникалық және кәсіптік білім беру» мекемелері мен «Сайрам жастары» еріктілер клубының арасында «Қазақстан Республикасының рәміздеріне 30 жыл» толуына орай «Ақсу Арена» спорт кешенінде футболдан жолдастық кездесу болып өтті. Бұл іс-шараның мақсаты: салауатты өмір салтын қалыптастыру, колледждер мен ерікті жастарымыздың достығы мен ынтымақтастығын арттыру, жастардың бос уақытын тиімді пайдалану. Кездесу барысында Анвар Исмаилов атындағы кәсіптік колледжінің футбол командасы керемет ойын көрсете білді. Колледжіміздің футбол командасы алғашқы ойынды «Сайрам жастары» еріктілер командасы мен ойын көрсетіп, 2-2 есебімен тепе-тең түсті. Екінші ойынды Д.Қонаев атындағы колледжінің футбол командасымен ойын алаңына шығып , 4-3 есебімен біздің жігіттеріміз жеңіске жетіп, жартылай финалға шықты.

Жартылай финалды Оңтүстік Қазақстан Индустриялды-Инновациялық колледжінің футбол командасымен ойнап, 3-1 есебімен жеңіске жетіп, финалға өтті.

Финалда «Сайрам жастары» еріктілер командасы мен ойнап, 2-1 есебімен жеңіске жетіп, І-орын иеленді. Колледжіміздің футбол командасының жігіттері аудан арасындағы жарыстарда жүлделі орын иегері атанып жүргені бір бұл емес. Аудан, облыстық жарыстарда да белсенді ойындарымен көзге түсе білді. Футбол командасы жігіттеріне үлкен алғыс білдіреміз. Алар асулары көп болсын. «Дене тәрбиесі және спорт» пән бірлестігі оқытушыларының ерен еңбегі деп білеміз. Рәміздер күніне арналған іс-шараны ұйымдастырған «Жастар ресурстық орталығы» КММ мен, «Ерікті жастарға» алғыс білдіреміз! Көк туымыз әрқашан биіктен көрініп, аспанымыз ашық, бейбіт заман болсын. Барша Қазақстандықтарды ҚР Рәміздер күнімен құттықтаймыз!
















Түркістан облысы, Сайрам ауданы

Диплом

Қазақстан Республикасы Рәміздерінің 30 жылдығына орай кіші футболдан арнаулы орта оқу орындарының студент жастары арасында өткен жолдастық кездесуге белсене қатысып, жүлделі **I ОРЫН** алғаны үшін

МАРАПАТТАЛАДЫ

*Сайрам аудандық «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің басшысы* — *Ә.Тілегенов*

Ақсукент 2022 ж.

"СПОРТ ДЕНСАУЛЫҚ КЕПІЛІ"

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің бірінші вице – министрі Ш.Т.Каринова мен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Ұлттық ғылыми практикалық дене тәрбиесі орталығы» РМҚК бас директоры С.К.Садықовтың «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының студенттер арасындағы Ұлттық спорт лигасы» регламенті негізінде және Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту басқармасының 04.05.2022 жылғы № 155 бұйрығына сәйкес - Облыстық техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының студенттері арасында 2022 жылғы 5-6 мамыр күндері аймақтық спартакиада «Д.Қонаев атындағы аграрлық - техникалық колледжі» базасында, Сайрам ауданы, Анвар Исмаилов атындағы кәсіптік колледжі, Е.Сарманов ГАЭК, ОҚИИК, Созақ ауданы, Шымкент қаласы, Түркістан жоғары аграрлық колледжі, Түркістан индустриалды құрылыс колледжі , № 19 колледж, №2 колледж , Бәйдібек ауданының білім алушылары спорттың 5 – түрінен бақ сынасты.

1. Волейбол (Ұлдар-Қыздар)
2. Баскетбол(Ұлдар-Қыздар)
3. Шағын футбол(Ұлдар-Қыздар)
4. Үстел теннисі(Ұлдар-Қыздар)
5. Тоғызқұмалақ(Ұлдар-Қыздар)

Анвар Исмаилов атындағы кәсіптік колледжінің командалары Үстел теннисінен-І-орын, Волейбол (қыздар) І-орын, Баскетбол(қыздар) – І орын, Баскетбол (ұлдар) – І орын, Футбол (қыздар) -ІІІ орын, Футбол (ұлдар) – ІІ орынды иеленді.

Жүлделі І-орын алған команда 14.05.2022 ж күні Түркістан қаласында орналасқан «Түркістан жоғарғы көпсалалы қолөнер колледжі» МКҚК базасында облыстық ақтық спартакиада өткізіледі. Облыстық ақтық спартакиада да жеңіске жеткен командалар, Республикалық кезеңге өтеді.

Барша қатысушы командаларға сәттілік тілейміз!














30 0 0 0

